

Качир ауданы Федоровка ауылдық округі Федоровка ауылының көшелерін қайта атау туралы

Павлодар облысы Качир ауданы Федоровка ауылдық округі әкімінің міндетін атқарушының 2017 жылғы 22 қарашадағы № 25 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 29 қарашада № 5710 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35-бабы 2-тармағына, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14-бабы 4) тармақшасына сәйкес, Федоровка ауылдық округі Федоровка ауылы тұрғындарының пікірін ескере отырып және 2017 жылғы 15 тамыздағы облыстық ономастика комиссиясының қорытындысы негізінде Федоровка ауылдық округі әкімінің міндетін атқарушы **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Качир ауданы Федоровка ауылдық округі Федоровка ауылының келесі көшелері:
"Фрунзе" көшесі "Бастау" көшесі болып;
"Советов" көшесі "Ақжол" көшесі болып;
"Ленин" көшесі "Жұлдыз" көшесі болып қайта аталсын.
2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Федоровка ауылдық округі
әкімінің міндетін атқарушы*

Е. Куставлетов